

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 6 мамырдағы N 410

Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласының тұсаукесерін өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті, қоғамдық және жол қауіпсіздігін күзетуді, мүмкін болатын құқық бұзушылыққа жедел мән беруді, сондай-ақ шақырылған мемлекет басшылары мен делегациялардың автокөліктеріне еріп жүруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне астана

Ақмола қаласының тұсаукесері жөніндегі шараларды өткізуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қоры қаражатының есебінен 34528 (отыз төрт миллион бес жүз жиырма сегіз мың) теңге сомасында қаржы бөлінсін (шығыстардың сметасы қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 6 мамырдағы  
N 410 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласының  
тұсаукесеріне дайындалуға және оны өткізуге  
арналған шығыстардың сметасы

(мың теңге)

Шара	Сома

Барлығы 34528

оның ішінде:

- |   |       |
|---|-------|
| 1. Автомотокөлік сатып алуға                        | 15306 |
| 2. Нысанды киім-кешек сатып алуға<br>және тіктіруге | 5000  |
| 3. Турникеттер дайындауға                           | 5000  |
| 4. Байланыс құралдарын сатып алуға                  | 9222  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК